

Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 29 қарашадағы № 148 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, Сырым ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сырым ауданы бойынша мынадай тізімдік саны бар ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота жұмыскерлердің екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде қосымшаға сәйкес белгіленсін:

2. Сырым ауданы әкімі аппаратының басшысы осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Саркуловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Турегалиев

Сырым ауданы әкімдігінің
2021 жылғы 29 қарашадағы
№ 148 қаулысына қосымша

2022 жылға арналған Сырым ауданы бойынша мүгедектер үшін ұйымдар бөлінісінде жұмыс орындарына квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыс орындарының саны	Квота пайызы	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны	2022 жылға арналған квота
1.	"Сырым аудандық білім бөлімінің жалпы білім беретін Қ.Мырзалиев атындағы орта мектебі"	136	3%		1

	коммуналдық мемлекеттік мекемесі			4	
2.	"Сырым ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің" Демалыс орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	165	3%	5	1
3.	Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Сырым аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	395	4%	16	1
	Барлығы	696	3%	25	3